

**Ж. Мұхамәдиева, 3-курс**

**Фылыми жетекшісі: Ф. Е. Бөрібай, әскери және арнайы-тактикалық дайындық кафедрасының оқытушысы  
(КР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ЕЛІМІЗДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН ЖАППАЙ ТӘРТІПСІЗДІКТІҢ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАЛАРЫ**

Қазіргі заманда әлемнің түкпір-түкпірінде саяси әлеуметтік жағдайларға байланысты жаппай тәртіпсіздіктер орын алуда, соның бір шеті Қазақстан аумағынада келіп жетті. 2011 жылғы 16 желтоқсанды атап айтсақ, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар кезінде Маңғыстау облысының Жанаөзен қаласында жаппай тәртіпсіздік болғаны туралы бәрімізге белгілі.

Еуропа елдерінде жаппай тәртіпсіздіктер салдарынан полиция қызметкерлерімен жиі қақтығыстар кездесіп жатады, мысалы, 2011 жылғы тамызда Лондонда болған оқиға бірнеше күнге созылып, үлкен экономикалық шығын экелген жаппай тәртіпсіздіктен 100 шақты адам жарапанып, 26 жасар 1 адам қаза болады; Албанияда болған жаппай тәртіпсіздіктен 55 адам жарапанып, 3 адам қаза болды; қыркүйекте Гамбургтегі жаппай тәртіпсіздіктерден 15 адам жаракат алды, арасында қайтыс болған адамдар жоқ. Ал бізде Жанаөзен қаласында 16 адам жаппай тәртіпсіздіктің құрбаны болды. Аталған қалалардың кейбірі Жанаөзеннен он есе, кейбірі жүз есе үлкен. Сөйте тұра біздегі адам шығынының көптігі бізге түсініксіз. Осы оқиға байланысты «ГОНГ» жедел жоспары туралы айтып кететін болсақ, біздің мемлекетіміздің ішкі істер органдары әлі осындай жаппай тәртіпсіздік шараларына дайын еместігін және әлі де болса әлсіз екендігін көрсетеді.

Сондықтан біздің ойымызша, біздің мемлекетіміз әрқашан, қай күні болмасын осындай жағдайларға дайын болуы керек. Осындай жаппай тәртіпсіздік болған жағдайда оны әрі қарай дамытпай алдын алу шараларын жүргізу шарттарын ішкі істер органдарының басқарушы құрамы және құрылған жедел штаб құрамдары білуі тиіс және жалпы осы салада, яғни «Гонг» жедел жоспары бойынша өзіміздің тәжірибелімізді дамыту мақсатында және осы шараларды үйімдастыруши басшы құрамдарды шетел мемлекеттеріне тәжірибе алмасу мақсатында арнайы оқуларға жіберуді үйімдастырудың маңызы ете зор деп есептейміз.

Осыған байланысты біз келесі бағыттарға ерекше көңіл бөлуді ұсынар едік:

– ведомстволық оку орындарында білім алатын тыңдаушылары мен курсанттарының, жалпы ішкі істер органдары қызметкерлерінің және ішкі әскерлердің осы саладағы дайындығына аса көңіл бөлу және күшету;

- ішкі істер органдары қызметкерлерінің арасында арнағы сабактар жүргізіліп, оқу жаттығулары жиі өткіzlуі тиіс;
- міндетті тұрде шет ел мемлекеттерінің қызметкерлерімен тәжірибе алмасу керек;
- мемлекет тарапынан ішкі істер органдары және жаппай тәртіпсіздікке қатысты салалар арнағы құрал жабдықтармен қамтамасыздандырылуы тиіс.

Әрине біз еліміздің тыныштығын тілейміз ғой, бірақ әрқашанда әр нәрсеге дайын болуымыз керек. «Сырттан келген жаудан да, іштен шыққан дау жаман» дегендей елдің арасындағы ала ауыздық жалпы қандай да бір көтеріліс болмасын елдің тұрақты дамуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан бізге ешқандай бас көтерудің болмағаны жақсы.

Бірақ, бұл дегеніміз халық қандай жағдайда болмасын, басын бұғып, көніп отыра берсін деген сөз емес, керісінше, билік халықпен санағын, олардың шыдамын тауыспаудың алдын алуы керек.

Жаңаөзендердегі жаппай тәртіпсіздік оқиғасындағыдан жағдайлар енді елімізде қайталанбаса екен деп тілейміз.

Алдағы уақытта еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз берік болсын десек, билік халықпен санаға отырып жұмыс істеуі қажет. Сонда ел іші де тыныш, тату-тәтті бірлікті өмір сүретін болады. «Бірлікті ел бұзылmas» дегендей бірлік пен татулық — мемлекет беріктігінің кепілі деп атап өткім келеді.

Иә, Елбасымыз айтқандай, бұл оқиға біздің татулығымызға қаяу түсіре алмады. Қайта, керісінше, бәрімізді бейбітшілік таңы жолында біріктіре түсті